«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

120008, Қызылорда қаласы, Жалаңтөс Бахадур көшесі, 2
тел/факс.: 8 (7242) 23-38-09, факс 8 (7242) 23-35-41
fink.kyzyl@minfin.gov.kz

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

120008, город Кызылорда, улица Жалантос Бахадура, 2
тел/факс.: 8 (7242) 23-38-09, факс 8 (7242) 23-35-41
fink.kyzyl@minfin.gov.kz

_____ № _____

№ 06-20/3Т –А-349 от 14.08.2019г

«Шиелі-Жолшы» ЖШС – і
БСН 040240007477

Қызылорда облысы, Шиелі ауданы,
Шиелі кенті, Самара-Шымкент 24 үй.

Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне (*әрі қарай - Департамент*) Сіздің 2019 жылғы 05 тамыздағы № 51144 «Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Жаңақорған кентіндегі Алтынсарин көшесін орташа жөндеу жұмыстары» бойынша жарияланған № 3481359-1 электронды конкурсы бойынша конкурс ұйымдастырушысы «Жаңақорған ауданының мемлекеттік сатып алу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен (*әрі қарай - Конкурсты ұйымдастырушы*) шығарылған мемлекеттік сатып алудың қорытынды нәтижесіне келіспеушілік білдірген шағымыңызға төмендегіні хабарлайды.

Департамент тарапынан «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі қарай- Заң) 30-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашасындағы № 598 бұйрығымен бекітілген камералдық бақылау жүргізу қағидаларының (бұдан әрі қарай-Қағида) 11-тармағына сәйкес жоғарыда аталған конкурс бойынша камералдық бақылау жасалынды.

Конкурс ұйымдастырушымен «Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Жаңақорған кентіндегі Алтынсарин көшесін орташа жөндеу жұмыстары» бойынша № 3481359-1 электронды конкурсы 27.06.2019 жылы жарияланған.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 739 бұйрығымен Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген 05.06.2019 жылғы редакциясындағы мемлекеттік сатып алу қағидаларының (әрі қарай-Қағидалар) 174-1-тармағында Әлеуетті өнім берушінің ағымдағы жөндеу жөніндегі жұмыстар мен құрылыспен байланысты емес жұмыстарға конкурсқа қатысуға арналған өтінім бағасы конкурсқа бөлінген бағадан **қырық пайыздан** аса төмен болған жағдайда демпингтік болып танылады деп көрсетілген.

Осыған орай, № 3481359-1 электронды конкурсы бойынша жеңімпаз болып танылған «Жаңақорған Жібек жолы» ЖШС-нің ұсынылған баға ұсынысы демпингтік болып табылмағандықтан, Сіздің шағымыңызда көрсетілген уәждер бойынша бұзушылықтар анықталған жоқ.

Уәкілетті органның осы шешімімен келіспеген жағдайда, Депатамент Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 14 бабының 6 тармағына сәйкес, лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) не өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқығыңыз бар екендігін хабарлайды.

Департамент басшысы **М. Егембердиев**

орын: М. Есенбаев
тел: 233809